ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 маусым №5165-23-00-2/872 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д. Конысбаева,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жасыл Арыс" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Esenbay Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Esenbay Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚАРСЫ ЖАУАПКЕР:
"Жасыл Арыс" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ҚАРСЫ ТАЛАБЫ:
тауарды қабылдауды міндеттеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Д.Камбаров
жауапкердің өкілі Г.Тауасаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 16 ақпан 2023 жылғы «2 СТТ-4,5 трактор самосвальный тіркемесін (устеме торлы борттары бар)» жеткізуді жүзеге асыруға міндеттеу туралы №17 санды 3 145 000 теңгеге шарт түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай тауар жеткізу мерзімі шарт жасалған күннен отыз күнтізбілік күш ішінде.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 03.07.2023

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою түсірген. Оның негізінде, жауапкер шартың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Қарсы талап қоюшы талап қоюмен сотқа жүгініп, қарсы жауапкерді тауарды қабылдауды міндеттеуді сұраған.

Қарсы талап қоюшы талабы шарт талаптарына сәйкес талап қоюшыға ПТС-4,5 самосвалды трактор тіркемесін жеткізуге міндеттеме алып, техникалық ерекшелікке сәйкес келетін түсін алдын ала тапсырыс берушінің өкілдерімен ауызша келісімдеп, ағымдағы жылдың 6 наурызында тралмен жеткізілді. Аталған трактор тіркемесі қолданыста болмаған жаңа, жеке меншікте емес (техникалық паспортында тіркеуден шығарылғандығы жөнінде белгісі бар), ақаулықтары болмағанын негіздеген.

Талап қоюшының өкілі Д.Камбаров сотта өз талабын қолдап, оны қанағаттандыруды, қарсы талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкердін өкілі Г.Тауасаров талап қоюшының арызымен келіспей оны қанағаттандырусыз қалдыруды, ал қарсы талапты қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, шарттын 6.1. тармаққа сәйкес өнім беруші осы шарт шөңберінде жеткізілетін тауардың жаңа, пайдаланылмаған, зауыттық қаптамада, материалда және орындауда қандай да бір ақаулардан бос екендігіне кепілдік береді делінген,

Алайда, жауапкермен ұсынылған тауардың шыққан жылы техникалық паспортқа сәйкес 2021 жыл, сонымен қатар трактор тіркемесінде зауыттық белгісінде шағарылған жылы – 2020 жылы көрсетілген.

Одан бөлек, техникалық паспортқа сәйкес 15 қыркүйек 2022 жылы трактор азамат С.Бижановтың атына тіркелген, тауар техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарға сай болмауына байланысты тапсырыс беруші 06 наурыз 2023 жылы акт түзіп, тауарды жауапкерге кері қайтарған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 03.07.2023

ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

Карсы талабы бойынша.

Сот талап қоюшының талабын қанағаттандырылып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, оның қарсы талабын қанағаттандырусыз қалдыру қажет деп табады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы талап қоюшының пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Жасыл Арыс" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

"Esenbay Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

"Esenbay Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет пайдасына төленген 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж алымы өндірілсін.

"Esenbay Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қарсы талап қоюы арызы қанагаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д. Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 03.07.2023